

Мәслихаттың 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 86 "Ұзынкөл ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Қостанай облысы Ұзынкөл ауданы мәслихатының 2025 жылғы 17 ақпандағы № 146 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 21 ақпанда № 10386-10 болып тіркелді

Ұзынкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Ұзынкөл ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" 2024 жылғы 17 сәуірдегі № 86 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10192-10 болып тіркелген) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасының 6-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"6. Көрсетілетін қызметті алушы (немесе оның сенімхатқа, заңдарға, сот шешіміне не әкімшілік құжатқа негізделген өкілі) тұрғын үй көмегін тағайындау үшін тоқсанына бір рет Қағидаларға сәйкес "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Мемлекеттік корпорация) немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы жүгінеді.

"Тұрғын үй көмегін тағайындау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Қағидалардың 2-қосымшасында көрсетілген."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұзынкөл аудандық мәслихаттың төрағасы

Н. Булатов